

## **КОНФИДЕНЦИАЛДЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТПЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ / СОГЛАШЕНИЕ О НЕРАЗГЛАШЕНИИ КОНФИДЕНЦИАЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ**

Осы Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы келісім (бұдан кейін – Келісім) «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың конфиденциалды ақпаратпен жұмыс істеу талаптары мен тәртібін белгілейді.

### **1-бап. ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**

Осы Келісімнің талаптары стандарт нысанда айқындалған және оны компания Келісімге қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы қабылдайды:

1. Бұл Келісімде Конфиденциалды ақпарат:

а. оны келесі Тараптан алғанға дейін белгісіз тұлғалар арасында қолжетімді болмаған және конфиденциалдылық туралы ескертпесіз алушы Тараптың басшылығында болмаған кез келген ақпаратты, сондай-ақ келесі көрсетілгендерді:

- екінші Тарап өз бетімен немесе оның келісімімен жариялаған немесе ашқан мәліметтерді;

- үшінші тұлғалар тарапынан заңды жолмен Тараптар алған мәліметтерді;

- мәліметтерді ашық күйде алмасу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдауына байланысты және коммерциялық немесе қызметтік конфиденциалды болып табылатын мәліметтерді қорғау мақсатына сәйкес келмеуі нәтижесінде объективті жағдайлардың өзгеруіне байланысты екінші Тараптың жариялауына рұқсат берілген мәліметтерді есепке алмағанда бір Тараптың, оның қызметкерлері мен орындаушыларының келесі Тарап туралы алған басқа да мәліметтерді;

б. бір Тарап екінші Тарапқа «конфиденциалды» ретінде нақты белгілену талабымен жазбаша, ауызша түрде, электрондық пошта бойынша немесе кез келген өзге нысанда ұсынылған мәліметтер туралы кез келген ақпаратты білдіреді.

Ауызша берілген ақпарат тек осындай ақпараттың конфиденциалдылық сипаты оны ауызша жариялаған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде жазбаша нысанда расталған кезде ғана Конфиденциалды ақпарат болып есептеледі.

Осындай растауды күту мақсатында Конфиденциалды ақпаратты алатын Тарап осы Келісімнің талаптарына сәйкес кез келген ауызша айтылған ақпараттың конфиденциалдылығын сақтайды.

Бұл кезде Тараптар осы Келісім аясында Тараптар

Настоящим Соглашением о неразглашении конфиденциальной информации (далее – Соглашение) определяются условия и порядок работы с конфиденциальной информацией в АО «Банк ЦентрКредит»

### **Статья 1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ**

Условия настоящего Соглашения опеределены в стандартной форме и могут быть приняты компанией путем подписания Заявления о присоединении к Соглашению:

1. В этом Соглашении Конфиденциальная информация означает любую информацию, которая:

а. до получения ее от другой Стороны не была доступна для неопределенного круга лиц и не находилась в распоряжении получающей Стороны без оговорки о конфиденциальности и иные сведения полученные одной Стороной, ее работниками, и исполнителями о другой Стороне, за исключением сведений:

- разглашенных или раскрытых другой Стороной самостоятельно или с ее согласия;

- независимо полученных Стороной законным путем от третьих лиц;

- санкционированных для раскрытия другой Стороной в силу взятия на себя обязательств по открытому обмену сведениями или изменения объективных обстоятельств, вследствие которого дальнейшая защита сведений, составляющих коммерческую и служебную тайну, является нецелесообразной.

б. передана одной Стороной другой Стороне в письменной, устной форме, по электронной почте или любой иной форме при условии, что она четко обозначена как «конфиденциальная».

Информация, переданная устно, будет считаться Конфиденциальной только в том случае, когда конфиденциальный характер этой информации подтверждается в письменной форме в течение 30 (тридцати) дней после ее устного раскрытия.

В ожидании такого подтверждения Сторона, получающая Конфиденциальную информацию, сохраняет конфиденциальность любой устно раскрытой информации в соответствии с условиями настоящего Соглашения.

При этом настоящим Стороны подтверждают,

арасында ынтымақтастық орнату барысында әрбір Тарап алған Конфиденциалды ақпаратты тапсыру Конфиденциалды ақпаратты жариялау ретінде қарастырылмайтынын, осы Келісімнің талаптарын бұзбайтынын және Тараптардың өзара келісімі бойынша тапсырылатынын растайды.

2. «Коммерциялық конфиденциалды» жариялану Тарапқа зиян (шығын) келтіруі мүмкін коммерциялық іс-әрекеті саласындағы Тараптар қорғайтын мәліметтерді білдіреді. Осы Келісімнің мақсатында бұл мағына «Конфиденциалды ақпарат» мағынасына қосылады.

3. «Жариялау» нәтижесінде Конфиденциалды ақпарат үшінші тұлғаларға мәлім болған осы Келісімді бұзатын іс-әрекетті (әрекетті немесе әрекетсіздікті) білдіреді.

4. «Ноу-хау» \ 1) Қазақстан Республикасының (бұдан кейін – «ҚР») заңнамасы бойынша патентпен қорғалмаған немесе заңды негізде бұндай ақпаратты иеленетін Тараптың қалауы бойынша жарияланбаған ғылыми-техникалық қорытындыларды, техникалық шешімдерді, технологиялық процестер мен құрылымдарды пайдалану әдістерін, тәсілдерін; 2) өнімдер мен қызметтерді іске асыру саласындағы білімді және тәжірибені; 3) нарық болжамы туралы мәліметтерді; 4) коммерциялық, әдістемелік немесе ұйымдастырушылық – басқарушылық идеялар мен шешімдерді қоса есептегенде, басқа тұлғаға тапсырылу мүмкін және оны заңды негізде пайдалану мүмкін коммерциялық құпия режимінде күзетілетін Тараптардың зияткерлік қызметінің қорытындысын білдіреді.

5. Конфиденциалды ақпарат ретінде атап айтқанда идеялар, тұжырымдамалар, бизнес-жоспарлар, өнертабыстар, ашқан жаңалықтар, формулалар, процестер, құрылымдар, ерекше нұсқаулықтар, сызбалар, модельдер, үлгілер, түпнұсқа - макеттер, жетілдірілген құралдар, әзірлемелер, өтініштер, инженерлік-техникалық және өндірістік мәліметтер, маркетинг жүргізу мәліметтері, клиенттердің атауы, коммерциялық құпиялар, бұндай құпия болуына қарамастан немесе конфиденциалды болып табылатын патенттер, тіркелген немесе өзге түрде қорғалған кез келген коммерциялық, қаржылық, техникалық немесе стратегиялық деректер болуы мүмкін.

6. «Филиал» сөзі осы Келісімде кез келген

что передача Конфиденциальной информации, которая была получена каждой из Сторон в ходе сотрудничества между Сторонами в рамках настоящего Соглашения не является разглашением Конфиденциальной информации, не нарушает условий настоящего Соглашения и передаётся с взаимного согласия Сторон.

2. «Коммерческая тайна» означает защищаемые Стороной сведения в области ее коммерческой деятельности, распространение которых может нанести ущерб (убыток) Стороне. Для целей настоящего Соглашения данное понятие включается в понятие «Конфиденциальной информации».

3. «Разглашение» означает деяние (действие или бездействие) в нарушение настоящего Соглашения, в результате чего Конфиденциальная информация стала известна третьим лицам.

4. «Ноу-хау» означает охраняемые в режиме коммерческой тайны результаты интеллектуальной деятельности Стороны, которые могут быть переданы другому лицу и использованы им на законном основании, в том числе: 1) неопубликованные научно - технические результаты, технические решения, методы, способы использования технологических процессов и устройств, которые не обеспечены патентной защитой по законодательству Республики Казахстан (далее – «РК») или по усмотрению Стороны, обладающей такой информацией на законном основании; 2) знание и опыт в области реализации продукции и услуг; 3) сведения о конъюнктуре рынка, результаты маркетинговых исследований; 4) коммерческие, методические или организационно – управленческие идеи и решения.

5. К Конфиденциальной информации могут относиться, в частности, идеи, концепции, бизнес-планы, изобретения, открытия, формулы, процессы, конструкции, спецификации, чертежи, модели, образцы, оригинал-макеты, усовершенствования, разработки, заявления, инженерно-технические и производственные данные, данные маркетинга, имена клиентов, коммерческие секреты, вне зависимости от того, являются ли такими секретами или могут ими быть патенты, зарегистрированные или защищенные иным образом, любые коммерческие, финансовые, технические или стратегические данные.

6. «Филиал» применяется в настоящем

қызметкер, жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін тұлға, сондай-ақ қызметті тікелей немесе жанама түрде бақылайтын немесе Компанияның бақылауындағы кез келген жеке немесе заңды тұлға мағынасында кез келген тарапқа қатысты қолданылады.

## **2-бап. КАЕЛІСІМНІҢ МӘНІ**

1. Осы Келісімнің талаптары бойынша Банк компанияға Конфиденциалды ақпаратқа, соның ішінде жергілікті есептеуіш желіде (бұдан кейін ЖЕЖ) орналасқан Конфиденциалды ақпаратқа және Конфиденциалды құжаттамаға, сондай-ақ ЖЕЖ ресурстарына кіру құқығын береді.

2. Компания сондай-ақ қажет болған жағдайда, Банкке тек осы Келісімнің талаптарына сәйкес пайдалануға рұқсат етілген режимде Конфиденциалды ақпаратқа және Конфиденциалды құжаттамаға кіру құқығын береді.

3. Барлық Конфиденциалды ақпарат пен Конфиденциалды құжаттама тек ақпарат берген Тараптың меншігі болып қалады. Екінші Тараптың Конфиденциалды ақпаратқа және Конфиденциалды құжаттамаға ешқандай меншік құқығы немесе басқа құқығы жоқ, сондай-ақ ол ақпарат берген Тараптың мүдделерін бұзбай-ақ алған мәліметтерді пайдалануға міндеттенеді.

4. Осы Келісім іс-әрекет ететін кезеңде, сондай-ақ оның іс-әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін Тараптар өз жағынан және филиалдар тарапынан Конфиденциалды ақпараттың және Конфиденциалды құжаттың кез келген аспектіні кез келген тұлғаға кез келген нысанда тікелей немесе жанама түрде ұсынбау және/немесе жарияламау мақсатында барлық қажетті шараларды қолданады.

5. Банк Конфиденциалды ақпаратты және Конфиденциалды құжаттаманы құрайтын мәліметтерді ұсынған кезде олардың нақтылығы, толықтығы және пайдалы болуы және/немесе оларды Компания немесе олардың филиалдары тарапынан пайдаланған кезде туындайтын салдары үшін ешқандай жауап бермейді.

## **3-бап. КОНФИДЕНЦИАЛДЫ АҚПАРАТТЫ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ**

соглашении по отношению к любой стороне в значении, охватывающем любого сотрудника, лицо, работающее по договору найма, включая также любое физическое или юридическое лицо, которое прямо или косвенно контролирует деятельность или находится под контролем Компании.

## **Статья 2. ПРЕДМЕТ СОГЛАШЕНИЯ**

1. По согласованию Сторон, на условиях настоящего соглашения Банк предоставляет Компании доступ к Конфиденциальной информации, в том числе размещенной в локальной вычислительной сети (далее - ЛВС) и Конфиденциальной документации, а также к ресурсам ЛВС.

2. Компания также в случае необходимости предоставляет Банку доступ к Конфиденциальной информации и Конфиденциальной документации исключительно в режиме разрешенного использования в соответствии с условиями настоящего соглашения.

3. Вся Конфиденциальная информация и Конфиденциальная документация остается исключительной собственностью Стороны, предоставившей информацию. Другая Сторона не обладает никакими правами собственности или другими правами на Конфиденциальную информацию и Конфиденциальную документацию, а также обязуется пользоваться полученными сведениями, не нарушая интересов Стороны, предоставившей информацию.

4. На период действия настоящего соглашения, а также после истечения срока его действия Стороны предпримут все необходимые меры для целей обеспечения как со своей стороны так и со стороны своих филиалов, не предоставления и/или не раскрытия любому лицу в любой форме, прямо или косвенно любого аспекта Конфиденциальной информации и Конфиденциальной документации.

5. Банк, предоставляя сведения, составляющие Конфиденциальную информацию и Конфиденциальную документацию, не несет никакой ответственности за их точность, полноту и полезность и/или за последствия, вытекающие из их использования Компанией или ее филиалами.

## **Статья 3. ПЕРЕДАЧА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ И**

## ЕЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

1. Тараптар өзінің кез келген филиалына және үшінші тұлғаларға конфиденциалды ақпаратты заңсыз ашу немесе жариялау әрекетін алдын алу мақсатында барлық сәйкес сақтық шараларын қолдануға міндеттенеді.

2. Кез келген конфиденциалды ақпараттың толық немесе ішінара көшірмелері олардың түпнұсқалары сияқты есепке алынып қорғалуға тиісті.

3. Кез келген конфиденциалды құжатты немесе қандай болмасын конфиденциалды ақпаратты үшінші тұлғаға жариялау тек ақпарат берген Тараптың жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі.

4. Компания Банктің сұрауы бойынша кез келген уақытта Конфиденциалды ақпаратты және Конфиденциалды құжаттаманы тікелей немесе жанама түрде пайдалану арқылы құрылған өзінің барлық мәліметтеріне Банкке қол жеткізу құқығын беруге міндетті.

5. Осы Келісімнің қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін, сондай-ақ оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Компания конфиденциалды ақпаратты құрайтын кез келген ақпарат пен құжаттаманы (сондай-ақ оның көшірмелері) дереу жоюы тиіс.

6. Банктің ақпараттық қауіпсіздігінің тиісті дәрежесін сақтау мақсатында Компания Конфиденциалды ақпараттың ресурстарын пайдалану кезінде төменде көрсетілген қауіпсіздік нормаларын сақтауға міндеттенеді:

6.1. Компания мен банктің ішкі ақпараттық ресурстарының қорғанысын қамтамасыз ететін өзінің есептеуіш желісінің периметрінің қорғанысын ұйымдастырады.

6.2. ЖЕЖ ресурстарына және компьютерлердің оқшау дискілеріне кіру үшін ұзындығы 8 және одан көп символдан құралған парольді орнатады. Парольдерде қатарынан – туған күні, меншікті СТН, жеке шоттардың нөмірлері және т.б. сияқты сандардың тұрақты комбинациясын қолданбайды. Бірінші қосылған кезде, сондай-ақ жүйеге заңсыз кіру немесе парольді бұзу күдігі пайда болған кезде парольді дереу ауыстырады. Парольді жоспарлы түрде 20-40 күнде кемінде бір рет өзгертіп тұрады.

6.3. Банктің ЖЕЖ-іне қосылған компьютерлерге вирусқа қарсы мониторы тұрақты түрде қосылған вирусқа қарсы бағдарламалық қамсыздандыруды орнатады. Компьютердің дискілері аптасына кем

1. Стороны обязуются предпринимать все соответствующие меры предосторожности с целью предотвращения несанкционированного раскрытия или разглашения конфиденциальной информации любому из своих филиалов и третьим лицам.

2. Полные или частичные копии любых конфиденциальных документов подлежат учету и защите также, как и их оригиналы.

3. Раскрытие всякого конфиденциального документа или любой конфиденциальной информации третьей стороне разрешается только с письменного согласия Стороны, предоставившей информацию.

4. Компания обязана в любое время по запросу Банка предоставить последнему доступ ко всем своим сведениям, созданным при помощи прямого или косвенного использования Конфиденциальной информации и Конфиденциальной документации.

5. По истечении срока действия настоящего соглашения, а также в случае его досрочного расторжения любая информация и документация (а также их копии), составляющая конфиденциальную информацию, должны немедленно уничтожены Компанией.

6. В целях поддержания должного уровня информационной безопасности Банка Компания обязуется при использовании ресурсов Конфиденциальной информации соблюдать следующие нормы безопасности:

6.1. Организовать защиту периметра своей вычислительной сети, обеспечивающие защищенность внутренних информационных ресурсов Компании и Банка.

6.2. Устанавливать пароли для доступа к ресурсам ЛВС и локальным дискам компьютеров длиной 8 символов и более. Не использовать в паролях подряд регулярные комбинации цифр - даты рождения, телефонные номера, собственные РНН, номера лицевых счетов и т.д. Изменять пароли немедленно при первом подключении, а также при возникновении подозрений на несанкционированный доступ в систему или взлом пароля. Планово изменять пароли не реже одного раза в 20-40 дней.

6.3. Устанавливать на компьютерах, подключённых к ЛВС Банка, антивирусное программное обеспечение с постоянно загруженным антивирусным монитором. Диск

дегенде бір рет вирусқа қарсы бағдарлама арқылы тексерілу қажет. Вирусқа қарсы базалар күніне кем дегенде бір рет жаңартылуға тиісті.

6.4. Банктің ЖЕЖ-іне қосылған компьютерлерге ЖЕЖ-ді қандай болмасын тәсілмен сканерлейтін бағдарламалық қамсыздандыруды орнатпайды.

Сыртқы Интернетке Банктің ЖЕЖ-іне қосылған компьютерлерден сыртқы провайдерлер арқылы кірмейді.

6.5. Компанияның қызметіне қатысты емес Банк құжаттарының мазмұнын көшірмейді және қандай болмасын тұлғаға жарияламайды.

6.6. Электрондық поштаны қолданған кезде төменде көрсетілген ережелерді қатаң сақтау керек:

- Конфиденциалды ақпаратты жібермеу керек.
- Электрондық пошта арқылы жіберу кезінде мультимедия форматындағы файлдарды, exe, com, bat, reg арқылы кеңейтілген файлдарды және өзге орындалатын файлдарды қолданбау керек.
- Бір мекенжай иесінен хат жіберген кезде салынған хаттың мөлшері бір сағаттың ішінде 100Кб-тан аспауға тиісті. Бір тәулік ішінде электрондық пошта арналары арқылы жіберілетін ақпараттың жалпы көлемі 2 Мб-тан аспауға тиісті.

Қызметтік қажеттілік бойынша күніне мөлшері 1-2 Мб дейін құралған бір хатты жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-ден кейін немесе жұмыстан тыс уақытта жөнелтуге рұқсат етіледі. Егер мекенжай иесінің ақпараттардың бұндай көлемін алу үшін мүмкіндіктері болса ғана осындай хаттарды жіберуге болады.

6.7. ЖЕЖ-ге қосылған құрал-жабдықтың мекенжайының өзгеруі туралы, сондай-ақ ЖЕЖ ресурстарын пайдаланудан бас тарту немесе жаңа ресурстарды қосу қажеттілігі туралы Банкке хабарлайды.

#### 4-бап.

#### ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ

1. Осы Келісім ІТ бағыты бойынша Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы келісімнің үлгі нысанына қосылу туралы өтінішті тапсырған сәттен бастап жасалған және күшіне енген болып есептеледі.

2. Келісімнің іс-әрекет ету мерзімі шектелмеген.

3. Осы Келісімнің іс-әрекеті осы Келісімде көзделген негіздер бойынша немесе Тараптардың келісім бойынша тоқтатылу мүмкін. Келісімді

компьютера должны проверяться антивирусной программой не реже одного раза в неделю. Антивирусные базы должны обновляться не реже одного раза в день.

6.4. Не устанавливать на компьютерах, подключённых к ЛВС Банка, программное обеспечение, позволяющее каким либо образом осуществлять сканирование ЛВС.

Не выходить во внешний Интернет через сторонних провайдеров с компьютеров, подключённых к ЛВС Банка.

6.5. Не копировать и не разглашать кому-либо содержание внутренних документов Банка, не относящихся к деятельности Компании.

6.6. При использовании электронной почты строго соблюдать следующие правила:

- Не отправлять конфиденциальную информацию.
- Не использовать при отправке электронной почты вложения файлов форматов мультимедиа, файлы с расширениями exe, com, bat, reg и прочие исполняемые файлы.
- Размер вложений при отправке писем от одного адресата не должен превышать 100Кб в течение одного часа. Общий объём отправляемой по каналам электронной почты информации за одни сутки не должен превышать 2 Мб.

Допускается отправка одного письма в день по служебной необходимости размером до 1-2 Мб только после 18:00 местного времени или же во внерабочее время. Отправлять такие письма можно только в случае, если у адресата имеются возможности для получения такого объёма информации.

6.7. Уведомлять Банк об изменении местонахождения подключённого к ЛВС оборудования, а также об отказе от использования ресурсов ЛВС или о необходимости подключения новых ресурсов.

#### Статья 4.

#### СРОК ДЕЙСТВИЯ

1. Настоящее соглашение считается заключённым и вступает в силу с момента подписания Заявления о присоединении к типовой форме Соглашения о неразглашении конфиденциальной информации по ІТ направлению.

2. Срок действия соглашения не ограничен.

3. Действие настоящего Соглашения может быть прекращено по основаниям, предусмотренным настоящим Соглашением,

бұзуға бастамашы болған Тарап бұзылуы болжанған күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын өзінің ниеті туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндеттенеді. Бұл кезде орындалмаған міндеттемелер аяқталу қажет.

4. Конфиденциалды ақпаратты жарияламауға қатысты міндеттемелер осы Келісім бұзылғаннан кейін де күшінде болады.

5. Конфиденциалды ақпараттың барлық деректері мен тасымалдауыштары Тараптардың жазбаша нұсқауы бойынша осы келісімнің Тарабынан сәйкес нұсқаулықтарды алғаннан кейінгі 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей талап еткен Тарапқа қайтарылуға тиісті немесе жойылу қажет.

#### **5-бап.**

#### **ЖАУАПКЕРШІЛІК**

1. Осы Келісімнің талаптары бұзылған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте жауап береді.

2. Тараптар осы Келісімнің іс-әрекет ету кезеңінде және оның іс-әрекет етуі аяқталған кезде конфиденциалды ақпараттың таралмауына және сақталуына жауап береді.

3. Банк Компания тарапынан осы Келісімнің талаптарын бұзу фактісін анықтаған жағдайда Банк төменде көрсетілген шараларды қолдануға құқылы:

3.1. Алдан ала ескертпей-ақ Компанияны Банктің ақпараттық ресурстарынан ажырата алады.

3.2. Егер Компания осы Келісімнің талаптарын сақтамау нәтижесінде банкке зиян келтірсе, онда Компаниядан Банкке келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық өтеуді талап ете алады.

3.3. Банктің шағымын толық қанағаттандырғаннан кейін Компания Банктің ақпараттық ресурстарына қайталап қосылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының әкімшілік, сот немесе басқа құқық қорғау органдарының талабы бойынша Қабылдаған Тараптың Конфиденциалды ақпаратты ұсынуы заңсыз жариялау немесе пайдалану болып есептелмейді.

5. Тараптардың кәсіпкерлік қызметінде

или по согласию Сторон. Сторона - инициатор расторжения Соглашения обязуется уведомить другую Сторону о своем намерении за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения. При этом неисполненные обязательства должны быть завершены.

4. Обязательства в части неразглашения конфиденциальной информации остаются в силе также после расторжения настоящего Соглашения.

5. Все данные и носители Конфиденциальной информации должны быть уничтожены не позднее 10 календарных дней после получения соответствующего указания Стороны настоящего соглашения.

#### **Статья 5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ**

1. В случае нарушения условий настоящего соглашения Стороны несут ответственность, предусмотренную действующим законодательством Республики Казахстан.

2. Стороны несут ответственность за неразглашение и сохранность конфиденциальной информации как в период действия настоящего Соглашения, так и по окончании его действия.

3. В случаях выявления Банком фактов нарушения Компанией условий настоящего соглашения Банк оставляет за собой право:

3.1. Без предварительного извещения отключать Компанию от информационных ресурсов Банка.

3.2. Требовать от Компании в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан полного возмещения причиненного Банку ущерба, если таковой нанесён из-за несоблюдения Компанией условий настоящего Соглашения.

3.3. Производить повторное подключение Компании к информационным ресурсам Банка только после полного удовлетворения претензий Банка.

4. Не будет считаться несанкционированным раскрытием или использованием предоставленной Получающей Стороной Конфиденциальной информации по требованию административных, судебных или иных правоохранительных органов Республики Казахстан в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

5. Отсутствие правовых, организационных,

қолданылатын қандай болмасын ғылыми-техникалық, коммерциялық, ұйымдастырушылық немесе өзге мәліметтерге қатысты ақпаратты күзету бойынша құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық және өзге шаралардың (коммерциялық конфиденциалды режимінің) болмауы екінші Тарапты осы Келісім бойынша міндеттемелерді босататын жағдай болып табылмайды.

6. Осы Келісім бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді бұзған Тарап зардап шеккен Тарапқа бұндай бұзушылық нәтижесінде бұзушылыққа жол берген Тараптың алған табысы сомасына / зардап шеккен Тарап көтерген шығындар сомасына тең сомада төлем жасауға міндетті.

7. Компанияның деректер базасына/байланыс арналарына/ақпараттық жүйелерге/Банктің ЖБІЖ-ге қолжетімділікті ұсыну кезінде Компания мәліметтерді жоғалтқаны, деректер базасының тұтастығын бұзғаны, Банк жүйелерінің жұмысындағы іркілістер және олардың ақпараттық қауіпсіздігін бұзғаны, оның ішінде үшінші тұлғалар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды бұзғаны үшін жауап береді. Компания Банктің талабы бойынша нақты келтірілген залалды толық көлемде өтейді және жауап береді.

#### **6-бап. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ**

1. Осы Келісім бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөз жүргізу арқылы шешеді.

2. Келіспеушіліктерді келіссөз жүргізу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының сот органдарында қарастырылу қажет.

#### **7-бап. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

1. Осы Келісімде көзделген жағдайлардан басқа міндеттемелерден біржақты тәртіпте бас тартуға рұқсат етілмейді.

2. Осы Келісімге жасалған барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалған кезде ғана жарамды болып есептеледі.

3. Баптардың атауы мәтінді пайдалану ыңғайлығы үшін арналған және осы Келісімнің қағидаларын түсіндіру кезінде ескерілмейді.

4. Екінші Тараптың жазбаша келісімі бар жағдайларды есептегенде, үшінші заңды немесе жеке тұлғаларға осы Келісім бойынша құқық беруге рұқсат етілмейді.

технических и иных мер по охране информации (режим коммерческой тайны) в отношении каких – либо научно – технических, коммерческих, организационных или иных используемых в предпринимательской деятельности Стороны сведений не является обстоятельством, освобождающим другую Сторону от выполнения обязательств по настоящему Соглашению.

6. Сторона, нарушившая обязательства, взятые на себя по настоящему Соглашению, также обязана выплатить потерпевшей Стороне сумму, эквивалентную сумме дохода/убытков, полученного нарушившей Стороной/понесенного потерпевшей Стороной вследствие такого нарушения.

7. При предоставлении доступа Компании к базам данных/каналам связи/информационным системам/ЛВС Банка, Компания несет ответственность за утрату сведений, нарушение целостности баз данных, сбои в работе систем Банк и нарушения их информационной безопасности, в том числе произведенные третьими лицами, по причине нарушения требований к обеспечению информационной безопасности. Компания несет ответственность и возмещает фактически понесенный ущерб по требованию Банка в полном объеме.

#### **Статья 6.РЕШЕНИЕ СПОРНЫХ ВОПРОСОВ**

1. Все споры и разногласия по настоящему Соглашению Стороны решают путем переговоров.

2. В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в судебных органах Республики Казахстан.

#### **Статья 7.ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ**

1. Односторонний отказ от обязательств не допускается, кроме случаев, предусмотренных настоящим Соглашением.

2. Все изменения и дополнения к настоящему Соглашению действительны только в том случае, если они совершены в письменной форме

3. Заголовки статей предназначены для удобства пользования текстом и не будут приниматься во внимание при толковании положений настоящего Соглашения.

4. Передача прав по настоящему Соглашению третьим юридическим или физическим лицам не допускается, за исключением случаев, когда на это имеется письменное согласие другой

5. Осы Келісім бойынша барлық хабарландырулар жазбаша түрде жасалып, оған Тараптардың тиісті өкілдері қол қою керек және Келісімде көрсетілген Тараптардың заңды мекенжайларына жіберілу қажет. Тараптар заңды мекенжайының, заңдық мәртебесінің немесе банктік деректемелерінің, бағынышты болуының кез келген өзгерістері туралы жазбаша түрде бір-біріне кідірместен хабарлауға, сондай-ақ келіссөз жүргізу кезінде қаржылық және міндет жүктейтін құжаттарға қол қою үшін өзінің өкілдеріне уәкілеттік беретін құжаттарды (сенімхаттарды) беруге міндетті. Келесі Тараптың жоғарыда аталған өзгерістері туралы хабардар болмаған келісім Тарабы хабарламаны алмау себебі бойынша орын алған осы келісімнің талаптарын бұзу үшін жауапты емес.

6. Осы Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде, заңдық күші тең екі түпнұсқа данада жасалған.

Стороны.

5. Все уведомления по настоящему Соглашению должны совершаться в письменной форме, подписываться надлежащими представителями Сторон и направляться по указанным в Соглашении юридическим адресам Сторон. Стороны обязаны незамедлительно информировать друг друга в письменной форме о любых изменениях юридического адреса, юридического статуса или банковских реквизитов, подчиненности, а также предоставлять уполномочивающие документы (доверенности) для своих представителей на переговорах для подписания финансовых и обязательственных документов. Сторона соглашения, не уведомленная о вышеназванных изменениях другой Стороны не несет ответственность за нарушения условий настоящего соглашения, допущенных по причине неполучения уведомления.

6. Настоящее Соглашение составлено на государственном и русском языках в двух подлинных экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу.